

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ

Қолданыстағы «Ikon Tyres Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Оператор») дербес деректерді өңдеу саясаты (бұдан әрі – «Саясат») оператордың қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғалардың дербес деректерін өңдеудің мақсаттарын, тізбесін және тәсілдерін белгілейді және 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Қазақстан Республикасы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заңының талаптарына сәйкес ашық қолжетімділікпен жарияланады.

Жеке деректерді өңдеуі нақты, алдын-ала анықтаумен және заңды мақсаттарға жетумен шектеледі. Дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеуге жол берілмейді.

Қолданыстағы саясаты www.attartyres.kz сайтына қатысты әрекет етеді, саясаттың қолданыстағы редакциясы 2025 жылғы 5 ақпан бастап қолданылады.

1. Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері

Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері болып табылады: ҚР Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңы, контрагентпен жасалған азаматтық-құқықтық келісімшарты, дербес деректер субъектісінің келісімі.

2. Пайдаланушының дербес деректерді өңдеуге келісімі

Сайт пайдаланушысы сайтта орналастырылған кері байланыс нысаны арқылы хабарлама жібере отырып, қолданыстағы саясатта айқындалған мақсаттар мен көлемде дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін білдіреді.

Дербес деректердің субъектісі оператордың сайтында тіркеле отырып, дербес деректерді өңдеу үшін келісімде көрсетілген көлемде оның дербес деректерін өңдеуге өзінің келісімін білдіреді

https://attartyres.kz/upload/kz/soglasie_na_obrabotku_danyh.pdf

Сайт пайдаланушысы егер қазіргі уақытта сайтпен осындай мүмкіндікті ұсынса, электрондық пошта арқылы жіберілімге жазыла алады. Электрондық хабарламаларда жаңалықтар, аналитикалық материалдар, оператор өткізетін іс-шаралар және т.б. туралы мәліметтері болуы мүмкін. Пайдаланушы «E-mail» жолын толтыру арқылы аталған электрондық хабарламаларды алуға келісімін береді. Пайдаланушы электрондық хабарламаларды кез-келген уақытта алуға келісімін қайтарып алады. Электрондық хабарламалардан бас тарту мүмкіндігі пайдаланушыға әр хатта беріледі.

3. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары

Дербес деректерді өңдеу мақсаттары болып есептеледі:

- пайдаланушыға оператор, сатылатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер, өткізілетін акциялар және арнайы ұсыныстар туралы ақпаратты беру;
- азаматтық-құқықтық келісімшартты жасасу және орындау;
- тауарларға Кеңейтілген кепілдік бойынша үндеулер берілген жағдайда оларды қарау;
- сайтқа кірушілердің қызығушылық деңгейін, оператор ұсынатын қызмет сапасын талдау;
- оператор контрагенттерінің шағымдары мен наразылықтарына жауап дайындау.

4. Өңделетін дербес деректердің тізбесі

Оператор оператордың қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғалардың мынадай дербес деректерін өңдейді:

- **Аты-жөні, әкесінің аты.** Кез-келген мәселелер бойынша жүгінген жағдайда тұтынушыны сәйкестендіру үшін, сондай-ақ электрондық кеңейтілген кепілдікті тіркеу үшін қажет.
- **Туған күні.** Тұтынушыны анықтау және ұқсас деректері бар басқа адамдардан ажырату үшін қажет.
- **Тұратын жері және қаласы.** Тұтынушы консультация беру, оның өтінішін тіркеу немесе шағымдарды қарау үшін жүгінген кезде компанияның жауапты қызметкері тұтынушының тұратын аймағына қарай тағайындалады. Оператор мүмкін болатын жағдайларды ескереді, уақыт белдеуіндегі айырмашылықтар және кері байланыс беру немесе қосымша ақпарат сұрау үшін кеш/ерте мазаламайды.
- **Жеткізу орнының мекен-жайы.** Тапсырыс берілген тауарларды жеткізу үшін қажет.
- **Төлқұжат деректері:** ЖСН, жеке куәлік нөмірі, кіммен және қашан берілді. Кеңейтілген кепілдік бойынша тауарды жөндеу немесе ауыстыру үшін жүгінген жағдайда, сондай-ақ наразылықтармен жүгінген жағдайларда қажет. Тұтынушыны анықтау үшін қолданылады. Сондай-ақ, курьерлік қызмет бойынша шиналарды жеткізген кезде қажет болады, өйткені курьер алушыны тексеруге міндетті.
- **Телефон нөмірі** (үй, жұмыс, ұялы). Кеңейтілген кепілдікті іске қосуы тек ұялы телефонды пайдалану арқылы мүмкін болады. Егер тұтынушы болашақта шинаны жөндеу немесе ауыстыру үшін кеңейтілген кепілдікпен жүгінсе, тұтынушының бірегей идентификаторы ретінде телефон нөмірі болып табылады. Сондай-ақ тұтынушымен байланысу үшін кеңейтілген кепілдік бойынша қызмет көрсету сапасын тексеру мақсатында немесе

сенім телефонына жүгіну фактісі бойынша өзге де кері байланыс беру үшін пайдаланылуы мүмкін.

- **Электрондық пошта мекен-жайы.** Қосымшалары бар хаттарды немесе басқа электрондық хабарламаларды тұтынушымен бөлісу үшін қажет

Сайтта куки (cookie) өңдеу технологиялары қолданылады, яғни бұл пайдаланушы кірген сайттардан деректерді браузерге жазатын шағын мәтіндік файлдары. Аталған деректері сайттағы келушілердің іс-әрекеттері туралы ақпаратты жинауға, оның мазмұны мен мүмкіндіктерін жақсартуға қызмет етеді.

Пайдаланушы өзінің браузеріндегі баптауда параметрлерді кез-келген уақытта браузердің барлық cookie файлдарын сақтауын тоқтатуды, сонымен қатар оларды жіберуді өзгерте алады. Аталған жағдайларда сайттың кейбір қызметтері мен функциялары жұмысын тоқтатуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Оператордың cookie файлдарына қатысты саясаты да мына мекен-жайда жарияланған: <https://attartyres.kz/upload/kz/cookie.pdf>

Сайтта кіру статистикасы сервистері (Яндекс.Метрика, Google Analytics) және сайтқа кірушілердің қызығушылық деңгейін анықтау үшін иесіздендірілген ақпаратты жинайтын әрі талдайтын басқа да ұқсас құралдары қолданылуы мүмкін.

5. Дербес деректердің құпиялылығы

Оператор қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, сайт пайдаланушыларының дербес деректерін олардың келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етпейді және таратпайды.

6. Дербес деректерді өңдеу мерзімі

Пайдаланушының ұсынған деректері 5 жыл ішінде немесе оператордың қызметі тоқтаған сәтке дейін өңделеді.

7. Дербес деректер субъектісінің құқықтары

Дербес деректер субъектісі Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңындағы 10 бабының талаптарына сәйкес тұлғаның дербес деректерін өңдеуге қатысты ақпаратты алу үшін операторға жазбаша сұраныс жіберуге құқылы.

Аталған сұраныс жіберуі оператордың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050047, Алматы қ., Инженерная көшесі, 17 «Сапар-Делюкс» бизнес орталығы, 9-қабат.

8. Дербес деректерді қорғау

Оператор Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңында көзделген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін

және оған сәйкес немесе сонымен қатар қабылданған нормативтік-құқықтық актілерде қажетті және жеткілікті шараларды қабылдайды.

Оператор міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті және жеткілікті шаралардың құрамы мен тізбесін дербес айқындайды. Олар:

а) дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғасы тағайындалды;

ә) дербес деректерді өңдеу және қорғау мәселелері бойынша жергілікті актілері әзірленді және бекітілді;

б) дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беру кезіндегі құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар.

- дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігіне төнетін қатерлері анықталды;
- дербес деректердің ақпараттық жүйесінде өңделетін деректерге қол жеткізу қағидалары белгіленген, сондай-ақ дербес деректердің ақпараттық жүйесінде дербес деректермен жасалатын барлық іс-әрекеттерді тіркеу және есепке алуы қамтамасыз етіледі.

г) дербес деректердің қауіпсіздігін және дербес деректердің ақпараттық жүйелерінің қорғалу деңгейін қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шараларға бақылауы жүзеге асырылады;

д) Қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған жағдайда дербес деректер субъектісіне келтірілуі мүмкін зиянды бағалау, көрсетілген зиянның және Оператор қабылдайтын қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың арақатынасы жүзеге асырылады;

е) дербес деректердің материалдық жеткізгіштеріне рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмайтын және дербес деректердің сақталуын қамтамасыз ететін шарттары сақталады;

ж) дербес деректерді өңдеуді тікелей жүзеге асыратын оператордың қызметкерлері Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасының ережелерімен, оның ішінде дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптармен, дербес деректерді өңдеу және қорғау мәселелері жөніндегі жергілікті актілермен танысты.

Оператор ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету және дербес деректерді қорғау мақсатында тиісті ИТ ортаны қолдайды және рұқсатсыз кіруді болдырмау үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды.